

Қ.Қ. Аубакирова
А.А. Мустафаева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: a_kunduz87k@mail.ru, rummana@mail.ru)
*Байланыс үшін автор: a_kunduz87k@mail.ru

Мәмлүк-қыпшақ тілінде діни мазмұнда жазылған ортағасырлық жазба ескерткіштердің (XIII-XV ғ.) зерттелу мәселелері

Аңдатпа. Мақалада мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған діни-дидактикалық ескерткіштердің зерттелу деңгейіне шолу жасалып, ортағасырлық қолжазбаларды зерттеуде кездесетін мәселелер сөз болады. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің ғылымда қалыптасқан жіктеу үлгілері көрсетіліп, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі еңбектер мазмұндық жағынан топтастырылып беріледі. Болашақ зерттеушілерге қолжетімді болу үшін ғылымда белгілі мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбалар алғаш рет бір жерге жинақталып, олардың барлығына қысқаша ғылыми сипаттама, ал теологиялық ескерткіштерге қатысты нақты мәліметтер беріліп, зерттелу деңгейіне талдау жасалады.

Бүгінгі жаһандану заманында ұмытыла бастаған мыңдаған жылдық тарихы бар бабалар мұрасын қайтадан жаңғырту негізінде қазіргі отандық ғылымда ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, наным-сенімі, діни ұстанымдары туралы ортағасырлық қолжазбаларды тауып, елге әкеліп, кешенді түрде зерттеу арқылы ұлтымыздың өткен тарихын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ жазба ескерткіштердің арасында XIII-XV ғасырларда дүниеге келген мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбалардың, әсіресе діни сарында жазылған еңбектердің алатын орны ерекше. Бұл мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер тек Мысыр қоғамына қатысты емес, жалпы түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін, наным-сенімін, діни ұстанымын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады.

Зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №AP09058201 «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолінгвистикалық кеңістік» атты ғылыми жоба аясында орындалды.

Түйін сөздер: Мәмлүк-қыпшақ тілі, араб тілі, діни-дидактикалық жазба ескерткіштер, ортағасырлық қолжазбалар, дәстүрлі ислам.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-82-94>

Кіріспе

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалардың аясында мәмлүк-қыпшақ

тіліндегі қолжазбалар әлемнің түкпір-түкпірінен табылып, қайта зерделеніп, ғылыми айналымға енгізіле бастады. Түркітану ғылымында мәмлүктердің билігі кезінде дүниеге келген қыпшақ тіліндегі мәдени мұраларды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі қыпшақ

тілінде жазылған төлума шығармалар болса, екіншісі парсы, араб тілдері сияқты шығыс тілдерінен қыпшақ тіліне тәржімаланған аударма туындылар болып табылады. Мәм-лүк-қыпшақ тілінде жазылған атбегілік пен соғыс өнеріне қатысты әскери-тактикалық, әдеби және діни-дидактикалық еңбектердің басым бөлігі парсы және араб тілдерінен аударылғанына қарамастан, осы жазба ескерткіштер түркі халықтарының мәдени мұрасы болып тыбылады. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштерге қатысты зерттеулердің басым бөлігінде қолжазбалар туралы жалпылама мәліметтер келтіріліп, дереккөз ретінде қолжазбалардың түпнұсқасы емес, көбіне Түркия мен Еуропа елдерінде жарық көрген қолжазбалардың көшірмелері немесе аудармалары негізге алынған. Мұндай зерттеулерде түпнұсқа мәтінінің өзгеріске ұшырауы, кейбір қыпшақ сөздерінің дұрыс оқылмауы, мағыналары мен транскрипцияларында бірізділіктің болмауы, жазылған уақыты, жері мен авторы туралы толық мәліметтердің берілмеуі, ескерткіштердің көбіне құрылымдық-грамматикалық қырынан ғана зерттелуі сияқты мәселелер байқалады. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді, әсіресе діни еңбектердің түпнұсқасын жинақтап, жаңа ғылыми парадигма аясында кешенді түрде зерттеу маңыздылығы артып отыр. Осы тұста зерттеу тақырыбының *өзектілігі* еш күмән туғызбайды. Біріншіден, қазіргі кезде отандық ғылымда халқымыздың тілі, мәдениеті, діни туралы мәдени мұраларымызды тауып, кешенді түрде зерттеу, түпнұсқа тілінен қазақ тіліне аудару арқылы халық арасында насихаттау ұлт тарихын қайта қарауда өте өзекті болып табылады. Екіншіден, шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорларында (Нидерланды, Франция, Мысыр, Түркия және т.б.) сақталып қалған барлық түркі халықтарына ортақ құнды жәдігерлеріміздің арасында мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің алатын орны ерекше. Аталған ескерткіштерді зерттеу қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда маңызды орын алады.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының *мақсаты* мәмлүктер билігі тұсында түр-

кі-қыпшақ тілінде жазылған орағасырлық жазба ескерткіштердің, оның ішінде діни сарында жазылған қолжазбалардың зерттелу тарихына шолу жасай отырып, діни-дидактикалық еңбектерді зерттеуде кездесетін кейбір мәселелерді анықтау болып табылады. Алға қойылған мақсатқа жету үшін төмендегі *міндеттер* қойылды: мәселенің зерттелу тарихына шолу жасау; ортағасырлық ескерткіштердің жазылу кезеңіне, мазмұнына, графикалық және тілдік ерекшеліктеріне қарай жіктелі үлшісін беру; мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ғылымда белгілі барлық ескерткіштерді бір жерге жинақтап, олардың сақталған жерлері туралы нақты мәліметтер беру; діни-дидактикалық ескерткіштерге толық сипаттама беру және зерттелу мәселелерін анықтау. *Зерттеу нысаны* – мәмлүк-қыпшақ тілінде діни мазмұнда жазылған ортағасырлық жазба ескерткіштер.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында мәм-лүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерін жанрлық және тілдік жағынан жіктеу және діни-дидактикалық ескерткіштерді нақтылау, толық сипаттамасын беру, ерекшеліктерін анықтау мақсатында төмендегідей әдістер қолданылады: *библиографиялық, деректанулық, палеографиялық, кодикологиялық, тарихи-салыстырмалы, жинақтау, жүйелеу, топтау, түйіндеу, сұрыптау, өңдеу, сипаттау және т.б.* Зерттеуде деректану қағидаттары басымдыққа алынып, қолжазба көшірмесінің түпнұсқамен сәйкестігі анықталып, олардың әртүрлі көшірмелерінің хатқа түсірілу ерекшеліктеріне мән беріледі. Сонымен қатар қолжазбалардың тілдік, графикалық ерекшеліктері, жазылған уақыты мен жері, авторы туралы деректер анықталғандықтан ортағасырлық жәдігерлерді зерттеуде қолданылатын деректанулық әдіс-тәсілдер қолданылады. Қазақстанда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған теологиялық ескерткіштер әлі күнге дейін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған немесе ескерткіштер жайлы түрлі пікірлер айтылып, нақты деректану-

лық талдау жасалмаған. Библиографиялық әдіс алғаш рет зерттеу нысанына алынған «Иршәдул-мулук» қолжазбасы мен мәмлүк-қыпшақ тіліндегі басқа да діни ескерткіштерді зерттеуге арналған еңбектерді жүйелеп, олармен танысуға, зерттелу деңгейіне шолу жасауға мүмкіндік береді. Жазба ескерткіштердің жазылған уақытын, жерін, авторын анықтау мақсатында оның жазылу тарихы, мақсаты, кескіндік формасы, жазылу үлгісі, материалы басымдыққа алынатын палеографиялық әдіс қолданылса, қолжазба туралы толығырақ мәлімет алу үшін оның шығу тарихын, ішкі және сыртқы формасын, жазу техникасын, қағаздың түрін, сыртқы бетін, безендіру түрлерін, тігісін, қолжазбаның көшірген тұлғалар мен олардың жазу үлгісін, сақталу тарихын зерттеу мақсатында кодикологиялық әдіс басымдыққа алынды.

Мәселенің зерттелу тарихы. Тарихта сақталған түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер ХХ ғасырдың орта кезеңінен бастап жан-жақты зерттеле бастады. ХІІІ-ХV ғасырлардағы Мысыр мен Алтын Орда территориясында дүниеге келген ескерткіштердің тілі көптеген лингвист ғалымдардың қызығушылығын тудырды. М.Т. Хоустма [1], А. Зайончковский [2], Ш. Телегди сияқты ғалымдар мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді әлем мұрағаттарынан тауып, баспадан шығарып, батыс тілдеріне аударып, тілдік ерекшеліктеріне тоқталса, нидерландық түркітанушы Р. Ермерс [3] өз зерттеуінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған грамматикалық еңбектер мен арабша-қыпшақша сөздіктердің ғылыми сипаттамасын беріп, «әл-Идрак» ескерткішін түпнұсқа тілден ағылшын тіліне аударып, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі лингвистикалық еңбектерге салыстырмалы талдау жасаған. Б. Аталай, М. Өзиевтин, Р. Топарлы, С. Гөгенлі, Х. Йанық, М.Е. Ағар, Ж. Демирджи және т.б. түрік ғалымдарының еңбектерінде де мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер қарастырылған. Сонымен қатар Ә.Н. Наджип, Ә.И. Фазылов, М. Зияев, А. Юнусов, Г.Р. Файнутдинова, А. Құрышжанов, М.Н. Маженова, Т. Арынов, А.З. Рүстемов, Б. Сағындықов, С.

Дүйсенов, М.Б. Сабыр, А. Әлібекұлы, Е. Есбо-сынов, Т. Қыдыр, Қ. Садықбеков, Қ. Қыдырбаев, А. Мұстафаева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерге сипаттама жасалып, шығармалардың лексикалық қоры анықталған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі діни еңбектерді Қ. Садықбеков («Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди») [4], Е. Қуанышбаев («Китаб фил-фикһ») [5], Ж. Демирджи («Муққадиматул-Ғазнауи фил-ибат») [6], М. Ағар («Китаб фил-фикһ бил-лисан турки») [7] сияқты ғалымдар қарастырып, еңбектердің тілдік ерекшелігі мен қыпшақтану саласындағы маңыздылығы туралы өз пікірлерін білдірген. Осылайша түркі-қыпшақ тіліндегі ортағасырлық қолжазбалардың бір бөлігі әлемнің түкпір-түкпірінен табылып, ғылыми айналымға енгізілгенімен, екінші бір бөлігі әлі де кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.

Талқылау

Тарихта сақталған түркі-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер Мысыр мен Шам, Дешті Қыпшақ даласы сияқты Еуразия құрлығының кең ауқымды аймағын қамтыған жерлерде пайда болған. Бұл жазба мұралар арнайы мақсатпен түрлі жанрда, түрлі жазу таңбаларымен жазылғаны белгілі. Ғылымда түркі тілдес халықтарға ортақ мәдени жәдігерлер үлкен үш тарихи кезең негізінде қарастырылады:

- 1) көне түркілік кезең (V-X ғ.);
- 2) орта түркілік кезең (X-XV ғ.);
- 3) жаңа түркілік кезең (XV-XX ғ.).

Атақты түркітанушы-ғалым А.Қ. Құрышжанов өз еңбектерінде орта түркілік кезеңде (X-XV ғ.) дүниеге келген жазба мұраларды тілдік тұрғыдан төмендегідей жіктеп көрсетеді:

- Қарахан дәуіріндегі ескі түркі тіліндегі ескерткіштер;
- Орта Азия және Повольжиядағы ескі түркі тіліндегі ескерткіштер;
- ескі түркі тіліндегі ескерткіштер;
- шағатай тіліндегі ескерткіштер [8, б. 19].

Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің өзі құман, Орта Азия, Алтын Орда

және мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер болып жіктеледі [9, б. 16]. Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер қатарына М. Қашқаридің «Диуани лұғат әт-түрк» сөздігі; құмандар туралы жазылған еуропалық еңбектер; орыс жылнамашыларының половецтер туралы мәліметтері; мәмлүк қыпшақтары тіліндегі зерттеулер (грамматикалық еңбектер, қыпшақша-арабша сөздіктер, анықтағыштар және т.б.); армян іс-қағаздары, трактаттары мен сөздіктері; қыпшақ тіліндегі көркем туындылар жатады. Түркітанушы А. Құрышжанов қыпшақ тіліндегі жазба мұраларды ауызекі сөйлеу стилінде және әдеби тілде жазылған деп екіге бөледі. Бірінші топқа жататын ортақ әдеби тілде жазылған ескерткіштердің қатарына Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Әбілғазының «Оғызнама», «Қиссас әл-әнбийя», «Құсырау-Шырын», «Гүлистан бит-түрки», «Шаһнама», «Мухаббатнаме», «Наһжүл-фәрадис», «Деде Қорқыт», «Сиражу-л-кулуб», «Миғражнаме», «Жұмжұма», «Мифтахул-әділ», «Тәфсир» және т.б. еңбектерді жатқызады. Ал жергілікті халық тіліндегі ескерткіштер мен қыпшақ ауызекі сөйлеу тіліндегі ескерткіштерге Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметі», Сүлеймен Бақырғанидің «Хикметі» және мәмлүктер билігі кезінде Мысыр елінде мәмлүк-қыпшақ тілінде әдеби, діни және әскери бағытта жазылған еңбектер, қыпшақ тілін үйретуге арналған грамматикалық трактаттар мен арабша-қыпшақша сөздіктер және т.б. жатады.

Түркітану ғылымында XI-XVI ғасырлар аралығында қыпшақ тілінде дүниеге келген жазба жәдігерлер көркемдік жанры, мазмұндық және графикалық жағынан әртүлі топталады. Қыпшақ тіліндегі жәдігерлер жазылу үлгісі (графикалық жағынан) бойынша бес топқа бөлініп қарастырылады:

- 1) Готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіштер (XIII-XIV ғ.);
- 2) Араб әрпімен жазылған мұралар (XI-XIV ғ.);
- 3) Армян жазуымен берілген материалдар (XV-XVI ғ.);
- 4) Орыс әліпбиімен жазылып қалған деректер (XI-XIII ғ.);

5) Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген сөздер [10, б. 45].

XI-XVI ғасырлар аралығында мәмлүктер дәуірінде Мысыр мен Шам жерлерінде дүниеге келген жазба ескерткіштердің тілін зерттеген Х. Кун аталған қолжазбаларды тілдік жағынан негізгі үш топқа бөліп көрсетеді:

а) Таза қыпшақ тілінде жазылған жәдігерлер;

ә) Оғыз (түркімен) тілінде жазылған жәдігерлер;

б) Аралас тілде жазылған жәдігерлер.

XI-XVI ғасырлар аралығында мәмлүктер билігі кезінде жазылған ескерткіштер тілдік жағынан әртүрлі топталғанымен, түркітанушы-ғалымдардың басым көпшілігі бұл жәдігерлердің көбі қыпшақ тілінде жазылып, оғыз тілінің әсеріне ұшыраған деген тұжырымға тоқталады [11].

Зерттеушілер мәмлүктер билігі кезінде (XIII-XVI ғ.) жазылған жазба ескерткіштердің тіліне қатысты әртүрлі атауларды береді. Мысалы, шығыс-түркі тілі (Брокельман), оғыз-қыпшақ, ұйғыр-қыпшақ тілі (А.Н. Самойлович), қарлұқ-хорезм әдеби тілі, Алтын Орда әдеби тілі (Н.А. Баскаков), қыпшақ тілі (А. Баттал-Таймас, А. Инан), Мысырдағы қыпшақ-оғыз әдеби тілі (Ә.Н. Наджип), мәмлүк-қыпшақ тілі (Ж. Әкман, Р.Топарлы), хорезм жазба тілі, Хорезм-Алтын Орда жазба тілі, Орта Азиядағы классикалық жазба тілі (А. Инан), шағатай тілі (Ф. Көпрүлү), хорезм-түркі тілі (А.Н. Самойлович) және т.б. [12, с. 78]. Мәмлүктер билігі кезінде Мысырда дүниеге келген жазба жәдігерлерді зерттеумен айналысқан түркітанушы Ә.Нәжіп «Мәмлүк-египеттік», «Мәмлүк-қыпшақ», «Қыпшақ (таза қыпшақша)», «Алтын Орда-египеттік», «Қыпшақ-оғыз жазба тілі» сияқты бірнеше терминдерді ұсынып, өзі «Мәмлүк-қыпшақ тілі» деген тоқтамға келген. Түркияда түркітану ғылымында мәмлүктер билігі кезінде жазылған барлық ескерткіштерге қатысты «Memlûk-Kırçak Türkçesi» («Мәмлүк-қыпшақ тілі») термині қалыптасқан. Қазақстанда Б.

Батыршаұлы, Т.Қыдыр, Қ.Садықбеков, А. Мұстафаева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде де осы атау қолданылады. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында мәмлүк-қыпшақ және түркі-қыпшақ тілі ұғымдары тең қолданылды.

Түркі жазба тілінің даму тарихында маңызды орын алатын мәмлүктер билігі кезінде Мысырда кеңінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілі қазіргі түркі тілдес халықтардың арасынан қазақ тіліне ең жақын тіл екендігі айқандалған. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің Африкада, алыс құрлықта пайда болғанына қарамастан, қазақ халқының мәдениеті мен тілінің, дінінің бір бөлшегі ретінде қарастырылады [13].

XIII-XV ғасырларда Мысыр мәмлүк мемлекетінде түркі-қыпшақ тілін үйрету мақсатымен қыпшақ тілінің қағидалары туралы грамматикалық трактаттар, арабша-қыпшақша сөздіктер, әдеби, мәдени, атбегілік пен соғыс өнері туралы шығармалар, діни-дидактикалық еңбектер жазылып, кейбірі шығыс тілдерінен қыпшақ тіліне аударылған. Мәмлүк-қыпшақ тілінде дүниеге келген осындай жазба жәдігерлер қазіргі түркі халықтарының, әсіресе, қыпшақ тобына жататын халықтардың тарихын, саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени, тілдік ерекшеліктері мен діни наным-сенімдерін зерттеуде баға жетпес дереккөз болып табылады. Сондықтан Орта Азиядағы түркі халықтарының наным-сенімі мен діни ұстанымдары, жалпы рухани даму тарихын қарастырғанда мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді деректанудың нысаны ретінде жан-жақты зерттеу қажет. XIII-XV ғасырларда Мысырда қыпшақ тілінде дүниеге келген жазба ескерткіштерді мазмұндық жағынан және жазылу мақсатына қарай төмендегідей топтастыруға болады:

- 1) Сөздіктер мен грамматикалық еңбектер;
- 2) Әдеби еңбектер;
- 3) Атбегілік туралы және әскери-тактикалық бағыттағы еңбектер;
- 4) Діни-дидактикалық еңбектер [14, р. 578].

Бірінші топтағы шығармаларға мәмлүктер билігі кезінде қыпшақ тілін үйрету мақсатында оқулық ретінде жазылған еңбектерді жатқызуға болады. Мұндай еңбектердің бірінші бөлімі қыпшақ тілінің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерін түсіндіруге арналса, екінші бөлімінде арабша-қыпшақша сөздіктер берілген. Қазіргі түркітану ғылымында белгілі мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған *арабша-қыпшақша сөздіктер мен грамматикалық* еңбектердің қатарына төмендегі қолжазбаларды жатқызуға болады:

1) «**Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак**» («*كتاب الإدراك للسان الأترک*») – «Түркі тіліне түсіндірме кітап», 1313 жыл, авторы Абу Хаййан) ескеркіші Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) 2896 нөмірімен тіркелген;

2) «**Китаб әт-тухфа әз-закыйа фи әл-луға әт-туркийя**» («*في اللغة التركیة كتاب التحفة الزکیة*») – «Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық», XV ғ.) ескеркіші Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) 3092 нөмірімен сақталған;

3) «**Әл-Қауанин әл-куллийа лидабт әл-луғат әт-туркийя**» («*لضبط اللغة التركیةالقوانين الكلية*») – «Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы», XIV-XV ғ.) Сүлеймания кітапханасының Шаһид Али Паша бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 1559 нөмірімен сақталған;

4) «**Китаб мажмуа таржұман турки уә ажами уә муғули уә фарси**» («*عجمي ومغلي و فرسي*») – «Түрік, араб, парсы және моңғол тілдері жинағының аударма кітабы», 1245 жыл) Лейден академиялық кітапханасында (Лейден, Нидерланды) 517 нөмірімен сақталған;

5) «**Китаб әд-дурра әл-мудыййа фи әл-луға әт-туркийя ала әт-тамам уә әл-кәмәл**» («*الكمال و كتاب الدرّة المصیة في اللغة التركیة على التمام و*») – «Түрік тілінің жарқын інжу-маржаны әрі толық жазылып біткен кітап», XIV ғ.) Флоренциядағы Лоренцо Медичи кітапханасында (Флоренция, Италия) 130 нөмірімен сақталған;

6) «**Китаб булға әл-муштақ уә фи луғат әт-турк уә әл-қифджак**» («*في لغة الترك و القفجاق*») – «Түркі және қыпшақ тілін үйренуге құмар оқырманның кітабы») атты ең-

бек Париж Ұлттық Кітапханасында (Париж, Франция) сақталған.

7) «**Әш-Шузур әз-заһабия уә әл-қита әл-ахмадия фи әл-луғат әт-туркия**» («في اللغة التركیة» – «Түркі тілі туралы жазылған алтын тізбе», Молла ибн Мұхаммед Салих, Мысыр, 1619 ж.) атты қолжабаның түпнұсқасы Ыстамбұл ұлттық кітапханасында сақталған. Кейбір зерттеулерде «Әш-Шузур» еңбегі мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған соңғы еңбек ретінде қарастырылады.

Мәмлүктер билігі кезінде Анатолия мен Алтын Ордадан және Хорезм аймағынан атақты ғалымдар мен әдебиетшілердің Мысырға қоныс аударғаны осы зерттеу жұмысында аталған еңбектің қазіргі түркі тіліне жақындығы тарихтан белгілі. Сондықтан көптеген зерттеушілер Мәмлүктер мемлекетінде жоғары деңгейде дамыған әдеби және ғылыми орталықтың болғандығын алға тартады [4]. Сол дәуірде мәмлүк-қыпшақ тілінде дүниеге келген мәдени, әдеби туындылардың бір бөлігі ғана біздің заманымызға дейін сақталған. Қазіргі кезде ғылыми айналымға енген мәмлүк-қыпшақ тіліндегі әдеби еңбектерге төмендегі туындыларды жатқызуға болады:

1) «**Китаб Гулистан бит-турки**» («**بالتركي**» – «Китаб Келестан», Сайф Сарайи, 1391 ж.) атты қолжазбаның түпнұсқасы Нидерландыдағы Лейден кітапханасында 1553 нөмерімен сақталған;

2) Әбулқасым Фирдауси Тусидің «**Шаһнама**» атты поэмасының Шариф Амиді жасаған түркі тіліндегі аудармасы да Мысыр жерінде аяқталып, мәмлүктер әулиетінің ең соңғы сұлтаны әл-Мәлик әл-Әшрәф Әбу Насыр Қансуһ әл-Ғауриға (1500-1517) сыйға тартылған;

3) «**Диуани Қансуһ әл-Ғаури**» («**الغوري**» – «**ديوان قانصوم**» – «Диуан Қансуһ әл-Ғауридің түрікше өлеңдері») деп аталатын Мысыр елінің сұлтаны Қансуһ әл-Ғауридың өлеңдер жинағы Ыстамбұл ұлттық кітапханасының Али Эмри Араби бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 4639 нөмерімен сақталған.

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған атбегілік туралы және әскери-тактикалық бағыттағы еңбектердің қатарына төмендегі қолжазбаларды жатқызуға болады:

1) «**Китаб фи әл-ғылыми ән-Нушаб**» («**كتاب في العلم النشاب**» – «Жамбы ату ғылымы туралы кітап») ескерткіші Байазит кітапханасының Уәли әд-Дин әфенди бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 3176 нөмерімен сақталса, бес бөлімнен тұратын екінші нұсқасы Франция Ұлттық кітапханасының түркі тілді жазбалар бөлімінде 197 нөмерімен сақталған;

2) «**Китаб байтарату әл-уадиһ**» («**بيطرة الواضح**» – «Жылқы емдеу таралы кітап», 1430 ж.) ескерткіші Топкапы сарайы Реван Көшкү кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) 1695 нөмерімен сақталған;

3) «**Мунийату әл-ғузат**» («**منية الغزاة**» – «Жауынгердің тілегі», 1446 ж.) қолжазбасы Топкапы сарайы Ш Ахмет кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) 3468 нөмерімен сақталған;

4) «**Китаб фи риадат әл-хайл**» («**رياضات الخيل**» – «Атбегілік туралы кітап») қолжазбасының бірінші нұсқасы Баязит кітапханасының Уәли әд-Дин бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 3176 нөмерімен, екінші нұсқасы Франция Ұлттық кітапханасында (Париж, Франция) 197 нөмерімен сақталған.

Мәмлүктер билігі кезінде әртүрлі жанрда жазылған қыпшақ тіліндегі ескерткіштер сол кездегі халықтардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, дүниетанымы, тілі, әдебиеті, мәдениеті туралы ақпараттарды қамтитын құнды дереккөз болып табылады. Сондықтан жоғарыда аталған ескерткіштерді жан-жақты зерттеу арқылы мәмлүктер кезіндегі Мысыр қоғамы жайлы ғана емес, сонымен қатар олармен тығыз байланыста болған Дешті Қыпшақ халықтары туралы да мәліметтер алуға болады.

Нәтижелер

Мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген тарихи жәдігерлердің бір бөлігіне діни сарында жазылған еңбектер мен трактаттар жатады. Көптеген тарихи деректерден мәмлүктердің ислам дінін берік ұстанған мұсылмен елі болғандығы айқындалған. Сондықтан мәмлүктердің билігі тұсында көптеген діни еңбектер араб тілінен қыпшақ тіліне аударылып, тіпті қыпшақ тілінде де төл туындылар дү-

ниеге келген. Кейбір зерттеушілердің еңбектерінде моңғол шапқыншылығы кезінде Дешті Қыпшақ даласынан Мысырға мұсылман қыпшақтармен қатар мұсылман емес, шаман немесе жартылай шаман қыпшақтардың да көшіп келіп, Араб Шығысында Ұлы Дала мәдениетінің көрініс табуына ықпал еткендігі айтылады. Сол дәуірде қыпшақ тілін үйрету мақсатымен жазылған грамматикалық еңбектер мен сөздіктерде берілген Алтай түріктері мен Қырым қыпшақтарының тіліндегі «чалу», «абақ» (табынатын пұт мағынасында) және «қурған» (мазар) сөздерінің дала қыпшақтары арқылы келгендігі айтылады [15, 55 б.]. Дегенмен, уақыт өте келе мұсылман мемлекетінде сұлтан дәрежесіне дейін көтерілген мәмлүктер ислам дінін қабылдап, мәмлүк-қыпшақтарының арасында діни еңбектердің өздерінің ана тілінде таралуына жағдай жасаған. Мысырда араб тілінде жазылған діни сарындағы еңбектер қыпшақ тіліне аударылып, басқа аймақтардан келген мұсылман емес қыпшақ тілді халықтар арасында ислам дінін тарату мақсатында да жазылуы мүмкін [4, 16 б.].

Жалпы түркілік діни жәдігерліктердің бірі христиан дінін уағыздайтын «Кодекс Куманикус» ескерткіші ТМД елдерінде жан-жақты қарастырылып, кешенді түрде зерттелген. Ал мәмлүк-қыпшақ тіліндегі діни еңбектердің көп бөлігі әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелмеген. Тіпті, мәмлүктер билігі кезінде діни сарында жазылған қыпшақ тіліндегі қолжазбалар әлем мұрағаттарынан елімізге әкелінбеген. Әлемнің кітапханалары мен мұрағаттар қорынан мәмлүк-қыпшақ тіліндегі діни сарында жазылған бірнеше қолжазбалар табылып, атаулары анықталғанымен, әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмеген. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі **діни еңбектерге** төмендегі қолжазбаларды жатқызуға болады:

1) «**Китаб фил-фиқһ**» («**كتاب في الفقه**») – «**Фиқһ кітабы**») атауымен ғылымда белгілі болған бұл еңбек араб тіліндегі фиқһ кітабының қыпшақ тіліндегі жолма-жол аудармасы болып табылады. Ескерткіш мәтініне талдау жасау барысында қолжазбаның атауы «Зийау-л-Манәуи-йа ала муқаддимати-л-ғазнауи», ал еңбектің авторы әш-Шайх әл-Имам әбу-л- Бәка Мұ-

хаммед ибн Ахмет ибн әз-Зийа әл-Қураши әл-Ханафи екендігі анықталған. Қолжазба 266 парақтан тұрады, 140 а бетіне дейін 6 жол арабша жазу және оның астына қыпшақ тіліндегі жолма-жол аудармасы берілген, 140 б бетінен бастап қолжазбаның соңғы бетіне дейін 7 жол арабша мәтін мен оның қыпшақ тіліндегі аудармасы берілген. Діни сарында жазылған бұл қолжазбаның түпнұсқасы Сүлейманийа кітапханасының Айна-София бөлімінде 1360 нөмерімен сақталған (Ыстамбұл, Түркия). Мәмлүктер билігі кезінде жазылған барлық діни еңбектер сияқты бұл ескерткіште де ислам дінінің негізгі шарттары, мұсылманның парыздары, сүннет амалдар, дәрет алу, намаз оқу, зекет беру, қажылық жасау сияқты діни мәселелер айтылған.

1993 жылы түркітанушы Р. Топарлы өзінің ғылыми зерттеу жұмысында «Китаб фил-фиқһ» жазба ескерткішінің морфологиялық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған. 2006 жылы зерттеуші Е. Қуанышбаев аталған қолжазба бойынша «Kitab fi-l-Fikh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım)» атты зерттеу жұмысын жүргізеді [5]. Аталған еңбек аясында жазба ескерткіштің мәтініне кешенді түрде талдау жасау арқылы ғылымда белгісіз болып келген «Китаб фил-фиқһ» қолжазбасының авторы мен еңбектің нақты атауы анықталған. Сонымен қатар ғылыми еңбекте қолжазбаның мазмұны, құрылымдық және тілдік ерекшеліктері көрсетіліп, жұмыстың толық транскрипциясы мен сөздердің толық индекс сөздігі берілген.

2) «**Муқаддиматул-ғазнауи фил-Ибат**» («**مقدمة الغزنوي في الابيات**») – «**Ғазнауидің ибатат**») қолжазбасы Ханафия мазһабы бойынша құлшылық жасаудың шарттары көрсетілген діни сарында жазылған туынды болып табылады. Араб тіліндегі еңбектің авторы атақты ислам заңгері Ғазнауи екендігі қолжазбаны зерттеу барысында анықталған. Араб тілінен қыпшақ тіліне аударылған қолжазбаның аудармашысы мен көшірмешісі белгісіз. Қолжазба 248 парақтан тұрады. Еңбектің жалғыз нұсқасы Сүлейманийа кітапханасының Рәйсұл Куттаб бөлімінде 389 нөмерімен сақталған (Ыстамбұл, Түркия). А. Инаң, Р. Топарлы, Ә.

Құрышжанов, Қ. Садықбеков сияқты зерттеушілердің еңбектерінде қолжазба туралы қысқаша мәліметтер берілген. Зерттеуші Й.Т. Демирджинің еңбегінде аталған қолжазба зерттеу нысанына алып, қолжазба мәтінінің транскрипциясы, индекс сөздігі мен түпнұсқа мәтінінің көшірмесі берілген [6]. Діни сарындағы бұл ескерткіш әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелмеген және түркі тілдеріне аудармасы жасалмаған. Кейбір зерттеушілер аталған ескерткіш пен «Китаб фил-фиқһ» еңбегін бір туынды деп есептеген. Соңғы зерттеулердің нәтижесінде «Муқаддимулату-ғазнауи» мен «Китаб фил-фиқһ» ескерткіштерінің араб тіліндегі түпнұсқасы бірдей болғанымен, аудармалары әртүрлі екі қолжазба екендігі анықталған [5].

3) «Китаб фи әл-фиқһ би-л-лисан әт-Турки» («كتاب في الفقه باللسان التركي» – «Түрік тіліндегі фиқһ кітабы») атты жазба ескерткіші мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген фиқһ негіздерін қамтитын діни сарында жазылған еңбек болып табылады. Қолжазбаның жалпы көлемі 429 парақты қамтиды. Діни шығарманың ғылымда белгілі жалғыз нұсқасы Ыстамбұл Ұлттық кітапханасының Фейзуллаһ Эфенди бөлімінде 1046 нөмерімен сақталған (Ыстамбұл, Түркия). Қолжазба шарият негіздері бойынша мәселелерді қарастыратын үлкен екі бөлімнен тұрады. Еңбектің бірінші бөлімі «Китаб әд-Дағуа» (Сот кітабы) деп аталады. Бұл бөлімде ислам әлеміндегі қазылық үдерістің әділ әрі дұрыс өтуі үшін қажетті шарттар мен талаптар туралы айтылады. Қолжазбаның екінші бөлімі «Жинайат» (Қымыс) деп аталып, онда шарияттағы қылмыс пен жазаның түрлері туралы мәліметтер беріледі. А. Инан, Ф. Күпүрлү, Р. Топарлы сияқты түрік ғалымдары мен мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді зерттеумен айналысқан түркітанушы Ә. Құрышжановтың еңбектерінде аталған ескерткіш туралы жалпылама мәліметтер беріледі. М.Е. Агардың «Kitab fi-l-Fikh Bi-Lisanit-Turki (Inceleme-Metin-Sözlük)» атты ғылыми еңбегінде қолжазбаның құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, қолжазба мәтінінің транскрипциясы мен индекс сөздігі

берілген [7]. Автор өз еңбегінде түркі-қыпшақ тілдерінің даму тарихында мәмлүктер билігі кезінде дүниеге келген ескерткіштердің құндылығын көрсеткен. Сонымен қатар түркі тілдес халықтардың дүниетанымы мен діни наным-сенімін, түркі қоғамындағы құқықтық мәселелерді зерттеу барысында мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған діни-дидактикалық еңбектердің баға жетпес дереккөзі болатындығын алға тартады. Соңғы жылдары мәмлүк-қыпшақ тіліндегі «Китаб муқаддима Абу әл-Лайс әс-Самарқанди» ескерткішін зерттеген қыпшақтанушы Қ. Садықбековтың еңбектерінде аталған қолжазба туралы да айтылып жүргенімен, бұл ескерткіш әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелмеген және басқа тілдердегі аудармасы жасалмаған.

4) «Китаб муқаддима Абу әл-Лайс әс-Самарқанди» («كتاب مقدمة ابو الليث الثمرفندي») – «Абу-л-Лейс әс-Самарқандидің кіріспе кітабы») атты қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіш Әбу Ханифа мазһабының негізгі шария қажидаларын қамтиды. Діни мәселелер қарастырылған бұл еңбек араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған. Түркітану ғылымында қолжазбаның бірнеше нұсқасы белгілі (кейбір деректер бойынша 30-дан астам нұсқасы бар) [4, 29 б.]. Қолжазбаның бізге белгілі Ыстамбұл нұсқасының көлемі 47 парақ, 94 беттен тұрады. Аталған нұсқа Ай-а-София мұражайының кітапханасында 1451 нөмерімен сақталған (Ыстамбұл, Түркия). Еңбектің әр бетінде 12 жол, 6 жол арабша мәтін, оның астында мәтіннің мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жолма-жол аудармасы берілген. Араб тіліндегі нұсқасының авторы Ханафи мазһабындағы атақты фиқһ ғалымдарының бірі Абу әл-Лейс әс-Самарқанди (983 ж. қ. б.) болып табылады. Араб тілінен қыпшақ тіліне аударылған бұл еңбек соңғы мәмлүк сұлтаны Әбу Насыр Қансуһ әл-Ғауриге тарту етілген. Осы ескерткіштің соңғы бетіндегі араб тіліндегі мәтінде қолжазбаны көшіруші Асанбай ибн Судан екендігі көрсетілген. Аталған қолжазбада Ислам дінінің шарттары, мұсылманның бес парызының бірі болып табылатын намаз және дәрет алуға қатысты әртүрлі мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар намаздағы

парыз, сүннет, уәжіп амалдар, тазалық сақтау, дәрет алу әдебі мен фикһ іліміне қатысты кейбір мәселелер туралы айтылады [16]. Мәмлүктер билігі тұсында дүниеге келген бұл еңбекті А.Заянчковский, К. Менгес, Я. Экман, Х. Кун, Р. Топарлы, Ә. Құрышжанов, М. Сабыр, Қ. Садықбеков, Т. Қыдыр секілді ғалымдар зерттеп, шығарманың тілі мен мәдени құндылығына қатысты өз пікірлерін білдірген. Қолжазба А. Зайончковскийдің француз тілінде берілген түсініктемелері мен ең алғаш Будапешт (1959 ж.), кейін Варшава (1962 ж.) қалаларында жарияланған. К.Х. Менгес және Ж. Экман, Х. Кун сияқты зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде осы көшірме туралы сөз болады [17, 19 б.]. Дін және тарих тағылымы жылы аясында жарияланған «Дәстүрлі ислам жауһарлары» атты көлемді еңбекте аталған ескерткіштің дәстүрлі ислам танымын қалыптастырудағы маңыздылығы ерекше көрсетіліп, қолжазбаның қазақ тіліндегі еркін аудармасы, үлгі ретінде түпнұсқа мәтінінің көшірмесінен үзінділер берілген. Қыпшақтанушы Қ.А. Садықбековтың «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі» атты зерттеуінде қолжазбаның тілдік ерекшеліктері кешенді түрде зерттеліп, мәтіннің түпнұсқа тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз және еркін аудармалары берілген. Бұл зерттеу жұмысының құндылығы ретінде ескерткіш мәтінінің қазақ тіліндегі толық транскрипциясы, индекс сөздігі мен қолжазба мәтінінің толық көшірмесі берілуін ерекше атауға болады. Сонымен қатар автор өз еңбегінде ескерткіштің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталған.

5) «Иршәдул-мулук уәс-салатин» («السلطين و ارشاد الملك») – «Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық», 1387 ж.) жазба ескерткіші Әбу Ханифа мәзһабының шариғат шарттары туралы айтылған, араб тілінен түркі-қыпшақ тіліне аударылған құнды еңбектердің бірі болып табылады. Қолжазбаның авторы туралы толық дерек табылмағанымен, түпнұсқа мәтінге талдау жасау барысында аталған туындының Александрия (Мысыр) қаласының билеушісі болған атақты Әли мырзаның қолдауымен жазылғандығы анықталған. Қолжазда ең-

бектің 1387 жылы (Һижра жыл санауы бойынша 789 жылы 20 шәууәлда) аяқталғаны туралы мәлімет жазылған. Қазіргі түркітану ғылымында белгілі болған еңбектің жалғыз стамбұлдық нұсқасын Алтынордалық ақын Құтыбтың «Хусрау уә Шырын» поэмасын көшіріп жазған Берке Факиһ жасаған. Діни мазмұндағы «Иршәдул-мулук уәс-салатин» қолжазбасының түпнұсқасы Сүлейманийа кітапханасының Айасофия бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 1016 нөмерімен сақталған. Қолжазба 498 парақтан (996 бет) тұрады.

А.Заянчковский, Р. Топарлы, Р. Исламов, Ә. Жалал, Т. Қыдыр, Қ. Садықбеков сияқты зерттеушілер өз еңбектерінде «Иршәдул-мулук» қолжазбасының түркітану саласындағы және түркі халықтарының дәстүрлі ислам танымындағы маңыздылығы мен ескерткіштің кейбір тілдік ерекшеліктері туралы сөз еткен. 10 жыл аралығын қамтитын 1965-1975 жылдары Ыстамбұл университетінде мәмлүктер билігі кезінде жазылған діни-дидактикалық еңбектер қатарына жататын «Иршәдул-мулук» ескерткішінің жекелеген бөлімдері бойынша тоғыз бітіру жұмысы жасалған. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді зерттеумен айналысып жүрген түркітанушы Р. Топарлы осы тоғыз жұмысқа шолу жасай отырып, онда қолжазбаның жекелеген бөлімдері ғана зерттеу нысанына алынғанын, түпнұсқа мәтініне кешенді талдау жасалмағандығы мен транскрипциясы жасауда бірнеше қателіктердің орын алғанын алға тартады. Түрік ғалымы Р. Топарлы өзінің 1992 жылы жарияланған «İrşadül-müluk ves-selatin» атты зерттеуінде аталған ескерткіштің тілдік ерекшеліктерін көрсетіп, түпнұсқа мәтіннің түрік тіліндегі транскрипциясы мен индекс сөздігін берген [11]. Дегенмен қолжазбаның транскрипциясы қазіргі түрік тіліне негізделіп жасалғандығын ескерсек, аталған ескерткішті әлі де жан-жақты зерттеу қажеттілігін байқаймыз. Аталған ескерткіш қазақ тілінде әлі күнге дейін зерттеу нысанына алынбаған және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Тек 2016 жылы ғана қыпшақ тіліндегі әдеби ескерткіштерді зерттеумен айналысып жүрген Т. Қыдыр «Иршәдул мулук» ескерткішінің бастапқы 12

бетінің қазақ тіліндегі еркін аудармасын жасап, «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» атты еңбекте ескерткіштен үзінді ретінде берген [16].

Патшалар мен сұлтандарға тарту ретінде ұсынылған бұл еңбекте Әбу Ханифа мәзһабының шарият шарттары кеңінен сөз болады. Діни ескерткіште ислам дініндегі шарият амалдарына қатысты түрлі мәселелер, сонымен қатар мұсылмандарға парыз етіп бекітілген амалдарға қатысты мәселелердің шешімдері құран аяттары мен пайғамбар хадистріне, Әбу Ханифа, Имам Мәлик, Имам Шафиғи сияқты дін ғұламаларының пікірлері мен ортақ шешімдерінен үзінді беру арқылы дәйектеліп отырған. Қолжазба кіріспе, бірнеше бөлімдер мен тарауларға бөлініп жазылған, соңғы бөлімінде фикх бойынша 49 мәселе қарастырылғын. Еңбектің негізгі бөлімі 29 кітап, 56 бап, 93 фасыл, яғни бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімде Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылғаннан кейін, еңбектің жазылу мақсаты, қолдаушылары туралы мәліметтер берілген. Қолжазбаның негізгі бөлімінде қарастырылған мәселелерді төмендегі тараулар бойынша бөліп көрсетуге болады: 1) Тазалық кітабы (87а-147б); 2) Намаз кітабы (147б-244а); 3) Зекет кітабы (244а-266а); 4) Ораза кітабы (266а-284б); 5) Қажылық кітабы (284б-382а); 6) Ант ішу кітабы (382а-396а); 7) Құлды азат ету кітабы (396а-400а); 8) Мукатаб ету кітабы (400а-402б); 9) Күзет туралы кітап (402б-403б); 10) Шектерді білу кітабы (403б-414б) және т.б. Жалпы алғанда негізгі бөлімде исламдағы әрбір амалға қатысты парыз, уәжіп, сүннет, мустахаб, мәкрүһ мәселелер жан-жақты көрсетілген. Аталған еңбекте қамтылған мәселелердің Әбу Ханифа мәзһабында маңызды орын алатыны анық. Шиғалық бағытты ұстанған Фатимилер әулиетінен кейін билік басына келген мәмлүк-қыпшақтарының Имам Ағзам мәзһабын ұстанып, Мысыр елінде ханафи мазһабын насихаттап, оның кең тарауына ықпал еткен. Сондықтан да ханафи мазһабына негізделген «Иршәдул мук» ескерткіші араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылып, сұлтан әл-Ғауриге сыйға тартылған.

Қорытынды

Түркі халықтарының Ислам дінін қабылдауы туралы айтылғанда шамамен үш жүз жыл бойы Мысырды билеген мәмлүк-қыпшақтарының ұстанған дінін айтпай кету мүмкін емес. Басқа құрлыққа, Мысыр еліне құл ретінде сатылып, кейін сұлтан дәрежесіне дейін көтеріліп, билік басына келген мәмлүк-қыпшақтарының Алтын Орда мемлекетімен үнемі байланыста болғандығы тарихи деректер арқылы айқындалған. Алтын Орда мен Мысыр Мәмлүк мемлекетінің арасында жан-жақты байланыстардың орнауына және түркі-араб мәдени синтез үрдісінің жүзеге асуына генеалогиялық (туыстық) фактормен қатар екі елді басқарып отырған билік басындағылардың бір имани сенімде болуы, яғни діни фактор да әсер еткендігі анық. Мәмлүктер билігі кезінде Мысыр елінде Әбу Ханифа мәзһабының кең тарауының негізгі себебін мәмлүк-қыпшақтарының билік тізгінін қолға алуымен байланыстыруға болады. Себебі мәмлүктерге дейін билік еткен Фатимилер әулиеті шиғалық бағытты ұстанған болатын. Мәмлүктердің билік басына келгенінен кейін Дешті Қыпшақ жерімен жан-жақты байланыс орнатудың негізінде Алтын Орда мен Мысыр мәмлүк мемлекетінде Әбу Ханифа мазһабы насихатталып, кең тарай бастады. Нәтижесінде Мысырда патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық ретінде жазылған «Иршәдул мук» сияқты діни еңбектер дүниеге келіп, араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылған. Ханафи мектебінің шариятын насихаттайтын діни сарындағы еңбектер Мысыр халқының тарапынан сұраныста болғандығы жайлы жазба ескерткіштерде де айтылады. Имам Ағзам мәзһабын насихаттайтын діни еңбектердің араб тілінен мәмлүк-қыпшақ тіліне аударылуы түркі халықтарының арасында Ханафи мазһабының таралуына негіз болған десек болады. Орталық Азияда қалыптасқан ханафийа-матуридийа бағыты ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінің негізінде қалыптасқандығы анық. Қазіргі таңда Қазақстанның рухани мәдениеті үшін ондағы діни ахуал-

дың дұрыс реттелуіне түрткі болатын негізгі құндылық ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбалардың астарында жатыр. Себебі Ортаазиялық түркі халықтарының рухани мәдениетінің қалыптасып дамуында ханафийа-матуридийа діни дәстүрінің орны ерекше. Имам Ағзам мазһабын ұстанған ғұламаларымыздың өмірі кейінгі ұрпақ үшін ұл-

гі-өнегеге толы. Сондықтан әлемдік кітапханалар мен мұрағаттар қорында сақталып, біздің заманымызға дейін жеткен ортағасырлық ғалымдардың жазған теологиялық еңбектерін, ұлт мұрасын қайта жарыққа шығарып, халық арасында насихаттау, олардың теолингвистикалық астарларын айқындау өзекті мәселе болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Houtsma M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar. – Leiden: Brill, 1894. – 114 p.
2. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI в.) // Вопросы языкознания. – М., 1967. – № 6. – С. 80-89.
3. Ermers R. Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians. – Nijmegen, 1995. – 260 p.
4. Садықбеков Қ.А. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі. – Алматы: Таңбалы, 2016. – 412 б.
5. Kuanıřbayev E. Kitab fil-Fikh (Giriř-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). – Istanbul, 2006.
6. Demerci J. Muqaddimetil-Gazneveiyye fil-ibadat (Ziyaül-Maneviyye) tercümesi. – Ankara, 1987.
7. Ađar M.E. Kitab bi-lisant-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük). – Istanbul, 1989.
8. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алматы, 1970. – 234 с.
9. Кеңесбаев І.К. Орта ғасыр ескерткіштерін зерттеу жайында бірер сөз. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983. – 206 б.
10. Айдаров Ғ., Құрышжанов А., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
11. Toparlı R. İřadül-müluk ves-selatin. – Ankara, 1992. – P. 627.
12. Фазылов Ә.И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в. – Ташкент, 1971. – 212 с.
13. Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ.Қ. Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 235 б.
14. Aubakirova K.K. Written Manuscripts in Ancient Kipchak Language of 13-15th Centuries and their Research Problems in Kazakhstan // Mediterranean Journal of Social Science and educational Research. – 2015. – Vol.6 Is. 5. – Pp. 575-581.
15. İnan A. XIII-XIV. Yüzyıllarda Mısır’da Ođuz-Türkmen ve Kıpçak Lehçeleri ve ‘Hâlis Türkçe. – Ankara, 1953. – S. 53-717.
16. Дәстүрлі Ислам жауһарлары. Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы. – Астана, 2016. – 392 б.
17. Құрышжанұлы Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында // Көне түркі жазуларының зерттелуі. Бүгіні мен болашағы. Дөңгелек үстел материалдары. – Астана, 2004. – Б. 17-21.

References

1. Houtsma M. Th. A Turkish-Arabic glossary (Brill, Leiden, 1894, 114 p.) [in German]
2. Zaiionchkovsky A. K izucheniyu srednevekovykh pamyatnikov turkskoj pis'mennosti (11-16 v.) [To the study of medieval monuments of Turkic writing (XI-XVI centuries)] Voprosy yazykoznaniiya [Linguistic issues], 6, 80-89 (1967).

3. Ermers R. *Turkic Forms in Arabic Structures: the description of Turkic by Arabic Grammarians* (Nijmegen, 1995, 260 p.).
4. Sadyqbekov K.A. «Kitab Mukaddima Abu Lais as-Samarkandi» eskertkishi zhane onyn tili [The Monument “Kitab Muqaddima Abu Lays as-Samarkandi” and its language] (Tanbaly, Almaty, 2016. 412 p.) [in Kazakh]
5. Kuanishbayev E. *Kitab fil-Fikh (Girish-Metin-Dizin-Tipkibasim)* [Kitab fi'l-Fikh (Introduction-Text-Index-Like Edition)] (Istanbul, 2006). [in Turkish]
6. Demerji J. *Muqaddimetil-Gazneveiyye fil-ibadat (Ziyaul-Maneviyye) terzhumesi* [Translation of Muqaddimethyl-Gazneveiyye fil-ibadat (Ziyaul-Maneviyye)] (Ankara, 1987). [in Turkish]
7. Agar M.E. *Kitab bi-lisant-Turki (İnjeleme-Metin-Sozluk)* [Kitab bi-lisant-Turki (Review-Text-Dictionary)] (Istanbul, 1989). [in Turkish]
8. Kuryshzhanov A. *Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamyatnika 13 v. «Turksko-arabskogo slovaryu»* [Research on the vocabulary of the old Kipchak written monument of the 13th century «Turkic-Arabic dictionary»] (Almaty, 1970, 234 p.). [in Kazakh]
9. Kenesbaev I.K. *Orta gasyr eskertkishterin zertteu zhayynda birer soz. Eski turki zhazba eskertkishteri turaly zertteuler* [A few words about the study of medieval monuments. Research on ancient Turkic written monuments] (Gylym, Almaty, 1983, 206 p.). [in Kazakh]
10. Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Kone turki zhazba eskertkishterinin tili* [The language of ancient Turkic written monuments] (Mektep, Almaty, 1971, 272 p.). [in Kazakh]
11. Toparly R. *Irshadul-muluk ves-selatin* (Ankara, 1992, 627 p.).
12. Fazylov E.I. *Starouzbekskiy yazyk. Horezmiyskie pamyatniki 14 v.* [Old Uzbek language. Khorezm monuments of the 14th century] (Tashkent, 1971, 212 p.). [in Uzbek]
13. Zhubatova B.N., Aubakirova K.K. *Mysyrdagy mamlukter biligi tusyndagy turki-arab madeni-tildik bailanystry* [Turkic-Arab cultural and linguistic relations during the Mamluk rule in Egypt] (Kazak universiteti, Almaty, 2019, 235 p.). [in Kazakh]
14. Aubakirova K.K. *Written Manuscripts in Ancient Kipchak Language of 13-15th Centuries and their Research Problems in Kazakhstan, Mediterranean Journal of Social Science and educational Research*, 5 (6), 575-581 (2015).
15. Inan A. *XIII-XIV Yuzyillarda Misirda Oguz-Turkmen ve Kipchak Lehcheleri ve Halis Turkche* [Oghuz-Turkmen and Kipchak Dialects and Turkish in Egypt in the 13-14th centuries] (Ankara, 1953, 53-717 p.).
16. *Dasturli Islam zhauharlary. Orta gasyrlarda (10-11 gg.) zhazylgan dini enbakter men shygarmalardan uzindiler zhinagy* [Pearls of traditional Islam. A collection of excerpts from religious works and works written in the Middle Ages (10-16th centuries)] (Astana, 2016, 392 p.). [in Kazakh]
17. Kuryshzhanuly A. *Mamluk qypshaqtarynyn tilinde zhazylgan bir eskertkish zhayynda* [About a monument written in the language of Mamluk Kipchaks], *Kone turki zhazularynyn zerttelui. Bugini men bolashagy. Dongelek ustel materialdary* [The study of ancient Turkic inscriptions. Present and future. Round table materials], (Astana, 2004, P. 17-21).

К.К. Аубакирова, А.А. Мустафаева

Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

**Проблемы исследования средневековых письменных памятников (XIII-XV вв.)
религиозного содержания на мамлюкско-кыпчакском языке**

Аннотация. В статье рассматривается степень изученности религиозно-дидактических памятников на мамлюкско-кыпчакском языке и обсуждаются проблемы, возникающие при изучении средневековых рукописей. Наряду с примерами принятой классификации в науке письменных памятников на кыпчакском языке, дается классификация трудов на мамлюкско-кыпчакском языке по содержанию. Впервые предпринимается попытка «централизовать» известные в науке мамлюкско-кыпчакские рукописи, дать им краткое научное описание, получить сведения по теологическим памятникам, а также сделать анализ степени изученности.

С целью возрождения наследия наших предков с тысячелетней историей, подвергнувшегося забвению в условиях нынешней глобализации, назрела необходимость переизучения истории нации путем поиска, приобретения и комплексного изучения средневековых рукописей, хранящих сведения по истории, культуре, религиям и религиозным верованиям нашего народа. Среди письменных памятников, представляющих собой достояние всего тюркского мира, особое место занимают мамлюкско-кыпчакские рукописи XIII-XV веков религиозного характера. Они представляют собой ценность как для египетского общества, так и являются ценным источником в изучении истории, культуры, языка, религии и религиозных верований тюркских народов в целом.

Ключевые слова: мамлюкско-кыпчакский язык, арабский язык, религиозно-дидактические рукописи, средневековые рукописи, традиционный ислам.

К.К. Aubakirova, A.A. Mustafayeva

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Problems of research of medieval written monuments (XIII-XV centuries) of religious content in the Mamluk-Kipchak language

Abstract. The article examines the degree of study of religious and didactic monuments in the Mamluk-Kipchak language and discusses the research problems of medieval manuscripts. Along with examples of the accepted classification of written monuments in the Kipchak language, the article presents a classification of works in the Mamluk-Kipchak language by content. For the first time, an attempt is made to centralize the well-known Mamluk-Kipchak manuscripts, to give them a brief scientific description, to obtain information on theological monuments, and also to analyze the degree of study.

In order to revive the heritage of our ancestors with a thousand-year history, which was forgotten in the context of current globalization, there is a need to re-study the history of the nation through the search, acquisition, and comprehensive study of medieval manuscripts that store information on the history, culture, religions and religious beliefs of our nation. Among the written monuments that are the heritage of the entire Turkic world, religious manuscripts in the Mamluk-Kipchak language of the 13-15th centuries occupy a special place. They are valuable both for Egyptian society and they are a valuable source in the study of the history, culture, language, religion, and beliefs of the Turkic peoples in general.

Keywords: Mamluk-Kipchak language, Arabic language, religious-didactic written monuments, medieval manuscripts, traditional Islam.

Авторлар туралы мәлімет:

Аубакирова Қ.Қ. – PhD, шетел тілдері және аударма кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Айтеке Би көшесі 29А, Қазақстан.

Мустафаева А.А. – PhD, «Қорқыттану және өңір тарихы» зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Айтеке Би көшесі 29А, Қызылорда, Қазақстан.

Aubakirova K.K. – Ph.D., Senior Lecturer of the Department of Foreign Languages and Translation, Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.

Mustafayeva A.A. – Ph.D., leading scientific researcher of the research institute «Korkyt studies and History of the region», Korkyt Ata Kyzylorda University, 29A Aiteke Bie str., Kyzylorda, Kazakhstan.